

М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19, посвященной 110-летию М.А. Гендельмана». - 2023.- Т. I, Ч. IV. – Б. 148-152.

ӘОЖ:33.334

КӘСІПОРЫН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН ТАЛДАУ МЕН БОЛЖАУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІНЕ САРАПТАМАЛЫҚ ШОЛУ

*Гауанова Н. Б., 1-курс магистранты
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана қ.*

Талдау және болжау экономикалық субъектіні басқарудың негізгі құрамдас бөлігі екендігі белгілі, онсыз кәсіпорынның қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыру және оның іс-әрекетінің тиімділігін арттыру мүмкін емес. Ғылыми тәсілдер мен әдістерді қолдана отырып сәтті болжау кәсіпорынға өзінің даму перспективасын анықтауға, негізгі және айналым құралдарын тиімді пайдалануға, өзінің қаржылық нәтижелерін арттыруға және банкрот болмауға мүмкіндік береді.

Кәсіпорын іс-әрекетінің тиімділігін талдау мен болжамдауға пайдаланатын қолда бар әдістемелерді жан-жақтан зерттеп, оларды пайдалы және пайдалы емес жақтарын анықтап, араларынан ауыл шаруашылық кәсіпорындардың тиімділігін бағалау мен болашағын анықтауға жарайтын әдістемені негіздеу қажет. Ол үшін кәсіпорынның қаржылық жағдайын мақсатты болжау әдістемесі егжей-тегжейлі сипатталуы тиіс, себебі бұл оның қаржылық жағдайын жақсарту жолдарын анықтауға және сәйкесінше оның төлем қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Кез-келген кәсіпорын жұмысының тиімділігі рентабельділік деңгейі көрсеткіштерімен бағаланатыны бәрімізге мәлім. Мұндай көрсеткіштер іс-әрекеттің табыстылығын, пайдалылығын, жалпы бизнестің рентабельділік дәрежесін көрсетеді және сонымен бірге инвестициялық саясат пен бағаның құралы ретінде әрекет етеді.

Кәсіпорынның тиімді жұмыс істеу деңгейін бағалау үшін алынған нәтиже (жалпы табыс, пайда) шығындармен немесе пайдаланылған ресурстармен салыстыралады. Пайданың шығындармен өлшенуі рентабельділікті білдіреді немесе анығырақ айтқанда рентабельділік мөлшерін береді. Рентабельділік - компанияның өз активтерін қалай тиімді пайдаланатынын, олардың әрқайсысы қалай пайда әкелетінін көрсететін коэффициент.

Шығындардың рентабельділігінің көрсеткіштері шығындардың табыстылығын сипаттайды. Олардың негізгілері: Өнімнің рентабельділігі – тікелей өндірістік шығындардың 1 теңгесіне (не 100 теңгесіне) неше теңге жалпы пайда алынғанын сипаттайды.

Сатудың рентабельділігінің көрсеткіштері коммерциялық қызметтің тиімділігін сипаттайды, олар жалпы пайда, жиынтық пайда сомасының түсімге қатынасымен анықталып, түсімнің 100 теңгесіне келетін жалпы пайда, жиынтық пайда шамасын бейнелейді.

Рентабельділіктің ресурстық көрсеткіштері кәсіпорын ресурстары не капиталының, оның құрамдас бөліктерінің табыстылығын есептеу үшін қолданылады.

Активтердің рентабельділігі (ROA) – активтердің орташа жылдық құнының 100 теңгесіне келетін жиынтық пайда шамасын көрсетеді. ROA индикаторы компания активтерінің – ғимараттардың, жабдықтардың, шикізаттың, ақшаның қаншалықты тиімді пайдаланылғанын және олардың соңында қандай пайда әкелетінін түсіну үшін есептеледі. ROA неғұрлым жоғары болса, ұйым өз ресурстарын соғұрлым тиімді пайдаланады.

Меншікті капиталдың рентабельділігі (ROE) – меншікті капиталдың орташа жылдық құнының 100 теңгесіне келетін жиынтық пайда шамасын көрсетеді.

Қажетті тиімділік деңгейі кәсіпорынның әлеуетті мүмкіндіктерін нарықтық конъюнктурамен өзара байланыстыратын нақты экономикалық негізделген болжамдауды білдіреді. Мұндай нақты болжам бірнеше балама нұсқалар жағдайында тиімділік деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз етеді, бұл кәсіпорынның өндірістік және қаржылық мәселелерін шешуге ықпал етеді.

Тиімділік деңгейін болжау қажеттілігі кәсіпорынның алынған таза пайдасы оның өндірістік қызметін қаржыландырудың негізгі көзі болып табылатындығында. Демек, пайданың өсуі стратегиялық және ағымдағы ішкі шаруашылықты болжамдаудың негізгі мақсаты болып табылады. Осыған байланысты, іс-ірекеттің тиімділігін нақты болжамдаудың әдістемесін одан әрі жетілдірудің қажеттілігі туындайды.

Кәсіпорындардың қаржылық жағдайы көбінесе ресурстарды активтерге (мүлікке) салудың орындылығы мен дұрыстығына байланысты. Активтердің мөлшері шаруашылық қызметті жүзеге асыру процесінде үнемі өзгеріп отырады, сондықтан оны ұйымдастыруды басқару үшін мүліктің жай - күйін талдау қажет.

Ұзақ мерзімді және айналым активтерін қалыптастыру көздері меншікті және қарыз капиталы болып табылады. Демек, ұйым активтерін талдау олардың қалыптасу көздері мен өтімділігін талдаумен тікелей байланысты, яғни қалыпты шаруашылық қызмет үшін қажетті ақшалай қаражатты шаруашылық айналымнан жедел босату қабілеті және өзінің ағымдағы және ұзақ мерзімді міндеттемелерін уақтылы орындау мүмкіндігі.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын кешенді талдау мен бағалаудың әдістемесін қолдануды автор «Light Resource Group» ЖШС қызметінің көрсеткіштер жүйесін пайдалану арқылы көрсетуді жөн көрді (кесте 1). «Light Resource Group» ЖШС табысы бір жыл бойындағы қызметтерінің нәтижелері бойынша алынған таза табыстар негізінде анықталады. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге байланысты ресурстарды пайдалану тиімділігі мен қаражаттың қайтарымдылығын көрсететін бірқатар көрсеткіштер есептеледі және қолданылады.

1 кесте - «Light Resource Group» ЖШС-ның активтері құрамының баланста орналастырылуы, мың тг.

Көрсеткіштер	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	Тізбекті өсу қарқыны, %	
				2021ж.	2022ж.
1. Қысқа мерзімді активтер, оның ішінде:	298140	579141	484074	190	83,8
- Ақша қаражаты және оның баламалары	4562	6076	14227	130	2,2 есе
- Қысқа мерзімді салық активтері	2126	3194	12232	150	3,8 есе
- Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	126854	143817	259246	110	1,8 есе
- Қысқа мерзімді дебит. берешек.	55964	126298	62908	2есе	49,8
- Қорлар	66245	85845	30435	129	35,5
- Өзге қысқа мерзімді активтер	107634	212911	105026	190	49,3
2. Ұзақ мерзімді активтер, оның ішінде:	327286	332213	335579	110	101,0
- Негізгі құралдар	264380	264480	264604	100	100,0
Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестиция	221	1332	367	27,5	-
- Ұзақ мерзімді қаржылық инвестиция	-	5	958	-	0,1
- Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	947	1658	2192	1,8	0,12
- Басқа да ұзақ мерзімді активтер	61738	64738	67458	1,1	-4,1
Активтер жиыны	625426	911354	820653	145,7	90,0

Активтердің құрамын және орналастырылуын талдау үшін баланс деректері бойынша арнайы талдамалық кесте жасалады. Мысал ретінде «Light Resource Group» ЖШС-нің 2020-2022 жылдарға арналған баланс активтерінің құрамы мен құрылымы 1-ші кестеде көрсетілген.

Баланс активтерінің құрамы мен құрылымының динамикасын талдау кәсіпорынның барлық мүлкі мен оның жекелеген түрлерінің абсолютті және салыстырмалы өсуінің немесе азаюының мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді. Активтерді талдау кезінде олардың болуы, құрамы, құрылымы және олардан болған өзгерістер зерттеледі.

1-кестеден активтердің нақты құнын көрсететін баланс валютасы есепті жылы 285928 мың теңгеге немесе – 46% - ға өсті. Баланс валютасының ұлғаюына баланстың мынадай баптары әсер етті: қысқа мерзімді дебиторлық берешектің шамасы 70334 мың теңгеге немесе 2,6 есе және қорлардың шамасы 19600 мың теңгеге немесе – 29% - ға өсті және өзге де қысқа мерзімді активтер 105277 мың теңгеге ұлғайды. Бұл ретте, ақша қаражатының сомасы 30% - ға немесе 1514 мың теңгеге және қысқа мерзімді салық активтерінің сомасы 1068

теңгеге яғни 50% - ға артты, сондай-ақ ұзақ мерзімді активтердің сомасы 4927 мың теңгеге немесе 10% - ға ұлғайды ол көбінесе басқа да ұзақ мерзімді активтер есебінен өсті. Нәтижесінде бұлардың бәрі кәсіпорынның жұмысын оң сипаттайды, өйткені ол кәсіпорынның даму қарқынының жоғарылағанын көрсетеді.

Қаржылық есептілік активтерін қалыптастыру көздерінің құрылымын зерделеу үшін 2020-2022 жылдардағы жағдай бойынша мынадай 2 кестеде талдау жасалады.

2 кесте – Кәсіпорын пассивтерінің құрамы мен құрылымы, мың теңге

Көрсеткіштер	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	Тізбекті өсу қарқыны	
				2021ж	2022 ж.
1. Қысқа мерзімді міндеттемелер, оның ішінде:	246058	436218	350835	177,3	80,4
1.1 Салықтар бойынша міндеттемелер	759	928	3016	122,3	3,2 есе
1.2 Басқа да міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер	655	807	2 424	123,2	3 есе
1.3 Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	137644	313834	81921	2 есе	-73,8
1.5 Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	102375	113761	257633	111,1	126,4
2. Ұзақ мерзімді міндеттемелер	165892	257497	226767	155,2	-12
2.1 Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	53634	94070	70212	175,4	-25,3
2.2. Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	113258	163427	156555	144,3	-4,2
3. Капитал және резервтер, оның ішінде	213476	217 639	243051	102,0	19,4
3.1 Жарғылық капитал	150605	150605	150605	-	-
3.2 Резервтер	50200	50200	50200	-	-
2.2 Бөлінбеген пайда	12671	16 834	42246	132,9	2,5 есе
Міндеттемелер жиыны	625426	911354	820653	145,7	90,0

Активтерді қалыптастыру көздерін талдау процесінде меншікті және тартылған капиталдың нақты мөлшері белгіленеді, есепті кезеңде олардың өзгеру себептері анықталады, оларға тиісті баға беріледі. Мысалы, 2-кестенің деректерінен есепті жылы кәсіпорын активтерін қалыптастыру көздері 169719 мың теңгеге немесе 19,6% - ға төмендегені байқалады. Кесте деректерінен 2022 жылы қысқа мерзімді берешек кәсіпорынның кредиторлық берешекті 74,8% - ға қысқартқанына қарамастан, салықтарды 2,3% - ға төлемеу есебінен қалыптасқаны, яғни сатып алушылармен және жеткізушілермен 2022 жылға есептелген қарыз бәрібір 81921 мың теңгені құрайтыны көрініп тұр. Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша қарыз 126,4% - ға өсіп, 143 872 мың теңгені құрады.

Әдетте кәсіпорындар рентабельділіктің келесі түрлерін бағалайды (3-кестеде көрсетілген).

3 кесте – «Light Resource Group» ЖШС-ның 2022 жылғы рентабельділігінің көрсеткіштері, жыл соңына

Көрсеткіштер	Формула	2022 жыл	Көрсеткіштің 2022 жылғы рентабелдігін сипаттау
Өнімнің рентабельділігі	$R_o = \text{Жалпы пайда} / \text{Сатылған өнімнің өзіндік құны} * 100.$	$68657 \backslash 405097 = 17$	Тікелей өндірістік шығындардың 100 теңгесіне 17 теңге жалпы пайда алынған.
Сатудың жалпы рентабельділігі:	$R_c = \text{Жалпы пайда} / \text{Түсім} * 100.$	$68657 \backslash 473754 = 15$	Түсімнің 100 теңгесіне келетін жалпы пайда 15 теңгені құрайды.
Сатудың таза рентабельділігі	$R_{c(t)} = \text{Жиынтық пайда} / \text{Түсім} * 100.$	$42246 \backslash 473754 = 9$	Түсімнің 100 теңгесіне келетін жиынтық пайда 9 теңгені құрайды.
Активтердің рентабельділігі	$R_a = \text{Жиынтық пайда} / \text{Активтердің орташа жылдық құны} * 100.$	$42246 \backslash 410326 = 10$	Активтердің орташа жылдық құнының 100 теңгесіне шаққанда 10 теңге жиынтық пайда алынған.
Меншікті капиталдың рентабельділігі	$R_{mk} = \text{Жиынтық пайда} / \text{Меншікті капиталдың орташа құны} * 100.$	$42246 \backslash 121525 = 35$	Меншікті капиталдың орташа жылдық құнының 100 теңгесіне шаққанда 35 теңге жиынтық пайда алынған.

Осылайша, ұзақ мерзімді активтердің, негізгі құралдардың, қысқа мерзімді активтердің, тартылған капиталдың және т.б. ресурстар мен капитал көздерінің рентабельділігін есептеуге болады. Сатудың рентабельділігін арттыру үшін өнімнің сапасын жақсартуға немесе тиімді маркетингтік стратегияны жасауға болады – нәтижесінде сұраныс артады. Өнімнің өзіндік құнын төмендете аласыз - сонда рентабельділік бірдей сұраныспен артады.

Әдебиеттер тізімі

1. Утибаев Б.С., Алёнова К.Т., Ахметова А.Д., Байдаков А.К., Утибаева Г.Б., Жунусова Р.М. Комплексный экономический анализ [Текст]: учебник Под общей ред. Астана: КАТУ им. С. Сейфуллина. - 2016. –203 с.
2. Spitsin, V., Ryzhkova, M., Vukovic, D., Anokhin, S. Companies profitability under economic instability: evidence from the manufacturing industry in Russia. [Text] / *Economic Structures* 9, 9, - 2020. – С. 254-258 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85084851167&origin>
3. Кенжебекова Д.С., Абжанова А.К., Экономикалық талдау [Текст]: Оқу құралы. 4- бөлім. - Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ. – РЖООЭК, 2018. - 242 с. <http://rmebrk.kz>